

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды
ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізуге
арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по облицовке внутренних
поверхностей стальных трубопроводов цементно-
песчаным раствором**

ТК 4.01-01-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 4.01-01-2011. Технологиялық карта
ТК 4.01-01-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

1. ӘЗІРЛЕГЕН «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»
2. ҰСЫНҒАН ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап
4. ОРНЫНА алғашқы рет

Предисловие

1. РАЗРАБОТАНЫ РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»
2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года
4. ВЗАМЕН впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолданылу аясы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы.....	3
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы	5
6 Материалдық-техникалық ресурстарға мұқтаждық	17
7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар	20
8 Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау	23
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	28

БЕЛГІ ҮШІН

БОЛАТТЫ ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ІШКІ БЕТІН ЦЕМЕНТТІ-ҚҰМДЫ ЕРІТІНДІМЕН ҚАПТАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Еңгізу мерзімі 2012.05.01

1 Қолданылу аясы

1.1 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы мен механизмі бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау болатты қаптау агрегатының пневматикалық (электрлік) металды ұштың көмегімен орталықтан тепкіш бүрікпемен жабу әдісімен қаралады.

1.4 Техникалық картада мыналар келтірілген:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамасы;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орындарын ұтымды ұйымдастыру, еңбекті бөлу есебімен жұмыс бригадалары арасындағы міндеттерді бөлу, жетілдірілген аспаптарды және құрал-сайманды қолдану кезінде еңбек үдерістерін орындаудың оңтайлы серпіні шарттарынан қабылданды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттар пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы №35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесі.

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі және техникалық қауіпсіздік.

ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002* Құрылыс салу. Кәсіпорын, ғимарат және құрылыстар салуды ұйымдастыру.

ҚНжЕ 3.05.04-85* Сыртқы желілер және сумен жабдықтау құрылыстары, кәріздер.

МСТ 12.1.004-91 ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МСТ 12.1.013-78 ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МСТ 12.1.046-2002 Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.

МСТ 12.4.059-89	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандырғыш құрал-сайман қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық талаптар.
МСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандырғыш белдіктер. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 8736-93	Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Техникалық талаптар (2010 жылғы басылым).
МСТ 10178-85	Портландцемент және шлакопортландцемент. Техникалық талаптар.
МСТ 19596-87	Күректрер. Техникалық талаптар.
МСТ 23407-78	Құрал-сайман құрылыс алаңын және құрылыс-монтаждау жұмыстары учаскелерін қоршау. Техникалық талаптар.
МСТ 23732-79	Бетондар мен ерітінділерге арналған сулар. Техникалық талаптар.
МСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің нақтылығын қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстар параметрлерін өлшеуді орындау ережелері.
МСТ 30108-94	Құрылыс материалдары мен бұйымдар. Табиғи радионуклидтердің жеке тиімді белсендігін айқындау.

ЭҚОЕ Электр құрылғыларды орнату ережелері (Алматы, 2008)

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде НҚА және НТҚ-ның қолданысын осы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттамасы тізбесі бойынша тексеру, сондай-ақ күшіне енген НҚА және НТҚ-ны осы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексеру қажет.

Егер сілтемелі НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелі НҚА мен НТҚ ауыстырылмай күшін тоқтатса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау (ЦҚҚ) әдісі ауыз су шаруашылығымен қамтамасыз ету және ағынды кәріздің жұмс қысымы 1,6 МПа дейін болатын 0,5°С-тан +60°С дейін тасымалданатын сұйық температурасымен тозған жерасты құбырларының жұмысқа қабілеттілігін (сауықтыру) қайта қалпына келтіру кезінде қолданылады.

3.2 ЦҚҚ жабу әдісі судың жұмыс қысымына, құбырды салу тереңдігіне және топырақ типіне, айналасындағы құбырларға қарамастан 2000 м дейін диаметрлі болатын құбырларды қаптау үшін қолданылады. Құбырдың жөнделетін учаскесінің ұзындығы 110 м-ден 150 м-ге дейін астам емесін құрайды. Жабылатын қабаттың құбырдың жағдайы мен оның диаметріне байланысты 3-тен 12 мм дейін құрайды.

3.3 Жұмыстарды жүргізу шарттары мен ерекшеліктері:

- болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды ҚНжЕ 3.05.04, жұмыстарды жүргізу жобасында (ЖЖЖ) және аталған технологиялық картада көзделген технологиялық талаптарды сақтау кезінде жобалық құжаттама талаптарына сәйкес орындалады;

- жұмыстар қоршаған ауа температурасы кемінде $+5^{\circ}\text{C}$ болған кезде орындалады;
- ылғалды режим шектелмеген;
- жұмыс орындарын жарықтандыру МСТ 12.1.046 сәйкес келуі тиіс;
- өңделетін учаске құбырының ұзындығы 150 м дейін;
- сорғы қоспасының температурасы $+10^{\circ}\text{C}$ –тан 25°C дейін болуы тиіс, қоспа бір

текті болуы тиіс.

3.4 Технологиялық картада қаралатын жұмыс құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау;
- технологиялық жабдықты және құрылғыларды монтаждау;
- цементті-құмды жабындымен жабу;
- технологиялық жабдықты және құрылғыларды бөлшектеу;

в) қорытынды жұмыстар

2.5 Осы техникалық карта мыналарды қарастырмайды:

- жерлеу жұмыстарын (өсімдік қабатын жою);

- машина мен жабдық құрылғысы астына негіз дайындау;

- айналмалы ағынды су құбыры желілерін орнату немесе қалпына келтіруге дайындалған құбырлардан төмен орналасқан құдықтарға ағысты сорғымен айдау бойынша жұмыстар;

- қолда бар құдықтардың (камералардың) жабындыларын бөлшектеру және оларды одан кейін қалпына келтіру немесе агрегатты ішкі бетке кіргізу үшін құбырды ою жұмыстары;

- қапталған құбырларды механикалық талдау;

- құбырды телевизиялық қондырғы арқылы қарау және оны ластануға байланысты қарау мүмкін болмағандықтан шаю машиналарының көмегімен тазалау;

- құбырларды гидравикалық сынау.

3.6 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмысты орындау кезінде жұмыс ауысымының саны ҚНжЕ РК 1.03-05, ҚНжЕ РК 1.03-06, ҚНжЕ 3.05.04, жұмыс жүргізу жобаларының және осы технологиялық карта 2.3 талаптарын сақтау кезінде қолданылатын жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарына сәйкес қолданылады.

3.7 Технологиялық картаны нақты объектілерге және жұмысты жүргізу шарттарына байланыстыру жұмыстардың көлемін нақтылаудан, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға мұқтаждық деректерін, механикаландыру құралдарынан, сапаны бақылау жөніндегі іс-шараларды түзетуден, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудан тұрады.

4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде цементті-құмды ерітінділерді дайындау үшін мынадай материалдарды қолданады:

4.1 Портландцемент

Еретінді дайындау үшін құрамында жентектер мен химиялық қосындылар

болмайтын М500 маркалы портландцементті қолданады. Портландцемент маркасы жобамен айқындалады. Әртүрлі партиялар мен маркалы цементтерді араластыруға, сондай-ақ жүктеу күнінен бастап 60 астам тәулікте сақтаудың тұтқыр мерзімді пайдалануға рұқсат етілмейді. Радионуклидтердің меншікті тиімді белсендігі 370 Бк/кг (МСТ 30108 бойынша) аспауы тиіс.

Портландцементтің әр партиясы сапа туралы құжатпен сүйемелденуі тиіс.

МСТ 10178 бойынша портландцементті орау, маркілеу, тасымалдау және сақтау.

Портландцемент осы типті тасымалдау үшін белгіленген Жүктерді тасымалдау ережелерін сақтай отырып, автомобиль көлігінің әртүрлі түрлерімен тасымалданады.

Портландцемент орамасыз арнайы автоцементтовоздармен тасымалданады.

Портландцементті орамасыз немесе қаптарда тасымалдау кезінде ол ылғал мен ластанудан қорғалуы тиіс.

4.2 Құм

Ерітіндіні дайындау үшін фракцияланған ұсақ бедерлі кварцты құм қолданылады. Құм түйіршігі 1 мм астам емес болуы тиіс. 0,315-0,63 мм түйіршік мөлшері құмның жалпы салмағынан 70% кем болмауы тиіс, 0,14 мм кем емес түйіршіктің құраы – құмның жалпы салмағынан 3% аспауы тиіс.

Радионуклидтердің меншікті тиімді белсендігі 370 Бк/кг (МСТ 30108 бойынша) аспауы тиіс.

Объектіге жеткізілетін құмның әрбір партиясы сапа туралы құжатпен сүйемелденуі тиіс.

Құм көліктің белгіленген тәртіппен бекітілген осы түріне арналған жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес автомобиль көліктерімен тасымалданады және құмды ластанудан сақтайтын қоймаларда сақталады.

4.3 Су

Цементті-құмды ерітіндіні дайындау үшін +10°C-тан +30°C дейін қолда бар суды (әкелінетін немесе жергілікті сумен қамту көздерінен) қолданады.

Шаруашылық-тұрыстық сумен қамтамасыз ету құбырларын қаптау кезінде ауыз суының сапасы пайдаланылуы тиіс.

4.4 Ерітінді дайындау қоспалағыш құрылғыда құрылыс алаңында тікелей жүзеге асырылады. Ерітіндідегі цемент пен құмның қатынасы мынадай шектерде болуы тиіс:

- көлемі бойынша – цементтің 1 бөлігіне 1-ден 1,2 бөлікке дейін құм;
- салмағы бойынша – цементтің бір бөлігіне 1,1-ден 1,3 бөлікке дейін құм.

Ерітіндідегі сулы цемент қатынасы ауаның, құмның ылғалдығын және құбырдың диаметрін ескере отырып, 0,30-0,38 құрауы тиіс.

Конусты тереңдікке енгізу бойынша ерітінді жылдамдығы мынаны құрауы тиіс:

- ішкі диаметрі 400-ден 800 мм дейін құбырлар үшін – 7,0 – 8,0 см;
- ішкі диаметрі 1000 мм және одан аста құбырлар үшін – 5,5 – 6,5 см.

Ерітіндінің пайдалану сипаттамасын жақсарту үшін, жарық төзімділігін және жабынды төзімділігін арттыру үшін мынадай қосындыларды қолдануға рұқсат беріледі:

- суперпластификатор С-3;
- сульфат натрий тұрақтандырғыш қосынды.

Қосындыны қатқан сумен енгізу қажет. Қосындыларды қолданып ерітіндінің құрамын есептеу жобалық құжаттамада көрсетіледі.

4.5 Міндетті сертификаттауға жататын материалдар сәйкестік сертификатына ие болуы тиіс.

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

5.1 Жұмысты жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстар басталғанға дейін мыналар қажет:

- жұмысты жауапты жүргізушіні тағайындау;
- қайта қалпына келтірілетін желілерді пайдалануға беретін ұйымның отандық өкілдерін шақырту, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жасауға тиісті түрде ресімделген наряд-рұқсатамасын алу және инженерлік желінің күзетілетін аймағында орындау;
- жұмысшылардың нысаналы нұсқауды қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарды тіркеу журналында жаза отырып, қол қойғызып жүргізу;
- қызметкерлерді жобалық құжаттамамен, ҚҰЖ-мен, ЖЖЖ-мен, ЦҚҚ жабу әдісімен және осы технологиялық картамен қол қойғызып таныстыру;
- қайта қалпына келтірілетін құбырды телевизиялық қарауды (телеинспекция) қайта қалпына келтірілетін құбырдың мүмкіндігі айқындалатын оның нәтижелерінің бейнежазбасымен орындау;
- жұмысшыларды арнайы киіммен, қорғау каскаларымен және басқа жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;
- жұмыс жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарын ҚНЖЕ РК 1.03-05, ҚНЖЕ РК 1.03-06 және ЖЖЖ (құрылыс алаңдарын және жұмыстарды орындау учаскелерін қоршау, құрылыс машиналары мен механизмдерді орналастыру үшін алаңдарды дайындау, материалдарды қоймалау алаңын дайындау және т.б.) талаптарына сәйкес жүргізу;
- жұмыс жүргізудің қауіпті аймағының периметрі бойынша дабылды қоршау орналастыру (МСТ 23407 бойынша);
- уақытша электр жарықты орнату бойынша жұмысты орындау;
- механизмдерді, құрылғыларды, құралдарды, құрл-сайманды объектіге енгізу және пайдалануға дайындау, олардың жұмыс қабілеттігін тексеру;
- талап етілетін санда қажетті құрылыс материалдарды объектіге жеткізу және оларды қоймалауды ұйымдастыру;
- қолда бар құдықтарды жабындыны бөлшектеу бойынша (қажет жағдайда) жұмыстарды аяқтау;
- тиісті диаметрлі бітеу құрылғысын орнатуды жүзеге асыру;
- қайта қалпына келтіруге дайындалған құбыр учаскесінен төмен орналасқан құдыққа ағыстарды сорғымен айдау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- су құюды орындау (құбырдан суды айдау);
- қайта қалпына келтірілетін құбырларды тазалауды орындау. Құбырдың ішкі беті жатып қалған тотығу өнімдерінен тазалануы тиіс. Метадық жалтырауға дейін тазалау талап етілмейді. Тазалау тәсілін таңдау құбырдың ішкі бетінде бар өспелер мен ластардың деңгейі мен сипаттамасымен айқындалады және тапсырыс берушімен келісілуі тиіс;
- қайта қалпына келтіру жұмыстарына құбырлардың жөнделетін учаскелерінің дайындығы туралы актіні белгіленген тәртіппен жасау;
- құдықтарды желдетуді жүзеге асыру, газоанализатор құдықтарда газдың болуын тексеру және қажет жағдайда мәжбүрлі желдетуді ұйымдастыру.

5.1.2 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды технологиялық учаскелерді ұзындығы 110-нан 150 м мынадай құрамдағы бригада орындайды:

- 5 рязрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН1) – 1 адам;

- 4 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН2) – 1 адам;
 - 3 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН3, МН4) – 2 адам;
 - 4 разрядты ерітінді қоспалы тораптың машинисті (МР) – 1 адам;
 - 5 разрядты шағын механикаландыру құралының машинисті (дизельді қозғалтқышпен жабдықталған 10 т тарту күші бар шығыр машинисті) (МЛ1) – 1 адам;
 - 4 разрядты шағын механикаландыру құралының машинисті (дизельді қозғалтқышпен жабдықталған 5 т тарту күші бар шығыр машинисті) (МЛ2) – 1 адам;
 - 3 разрядты шағын механикаландыру құралының машинисті (дизельді қозғалтқышпен жабдықталған 0,5 т тарту күші бар шығыр машинисті) (МЛ3) – 1 адам;
 - 5 разрядты өнімділігі 50 м³/мин компрессор машинисті (МКП) – 1 адам;
- Жұмыс кешеніне мыналар қатысады:
- 4 разрядты жүк көтергіштігі 6,3 т г/п кран-манипулятор машинисті (МК) – 1 адам;
 - 5 разрядты қуаты 60 кВт жылжымалы электр станция (дизельді генератор) машинисті (МЭ) – 1 адам.

4 разрядты суару-жуу машинасының (автоцистерна) жүргізушісі – 1 адам - әкелінетін суды пайдалану кезінде.

3 және 4 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушылары 2 разрядтан төмен емес такилажниктер аралас мамандыққа ие болуы тиіс.


Электр жабдықтармен жұмыс істейтіндер электр қауіпсіздігі бойынша 1 біліктілік топқа ие болуы тиіс.

5.1.3 Құбырларды қайта қалпына келтіру үдерісінің алдында технологиялық учаскелерді ұзындығы 110-нан 150 м дейін бөледі. Технологиялық бөліністер техникалық тораптар (өрт гидранттары, су құю ысырмалар, компенсаторлар және т.б.) орналасқан орындармен тура келуі тиіс. Егер олардың арасындағы жағдай рұқсат етілгеннен асса, учаскеде қосымша ажырау көзделеді.

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 1-суретте көрсетілген.

- қуаты 60 кВт жылжымалы электр станция (дизельді генератор) (ЕҚТ және компрессорды электр энергиямен қамтамасыз ету);

- тегістейтін конусы бар қаптау агрегаты. Қаптау агрегатының жалпы көрінісі 2-суретте көрсетілген;



2 –сурет – Қаптау агрегатының жалпы көрінісі

- 6,3 т г/п автомобильді крана-манипулятор (технологиялық жабдықты және құрылғыны монтаждау – бөлшектеу).

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстар мынадай технологиялық тізбекте орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- технологиялық жабдық пен құрылғыны монтаждау;

- цементті-құмды жабындыны жабу;

- технологиялық жабдық пен құрылғыны бөлшектеу;

в) қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстар

Жұмыс жүргізер алдында жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмысты жүргізу және оларды қауіпсіз орындау тәртібі туралы тапсырма, нұсқау алады, жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен қол қойып танысады. Қажетті құралдарды, құрылғыларды және материалдарды, сондай-ақ жеке қорғау құралдарын алады. Механизмдердің жиынтығы мен дұрыстығын тексереді.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Технологиялық жабдық пен құрылғыларды монтаждау

Қабылдаушы құдқтың жанында кран-манипулятордың көмегімен ерітінді дайындау үшін көмекші шығырлар, шлангілер мен материалдарды түсіру жүзеге асырылады. Бастапқы құдық жанында тиісті диаметрлі қаптау агрегатын және тегістеуші конусты түсіреді.

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстар жүргізу үшін жұмыс алаңында осы үдерісте қызмет ететін жабдықтарды монтаждайды және қосады.

Бастапқы құдық жанында 5 т тарту күші бар шығырды орнатады.

Қабылдаушы құдық жанында мыналарды:

- жылжымалы электр станцияны (дизельді генератор);
- компрессорды;
- ЕҚТ-ны;
- 10 т тарту күші бар шығырды;
- 0,5 т тарту күші бар көмекші шығырды орнатады.

ЕҚТ-ны кабельдің көмегімен электр станцияға қосуды орындайды, ерітінді беретін шлангты қосады. Компрессорға жоғары қысымды шлангты қосады.

Бастапқы және қабылдаушы құдықта көмекші блоктар мен роликтердің монтажы жүзеге асырылады.

5.2.2.2 Цементті-құмды жабындыны жабу

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды жабындымен жабу үдерісі мынадай жұмыстардан тұрады:

- 0,5 т тарту күші бар көмекші шығырдың көмегімен қабылдаушы құдыққа 5 т тарту күші бар шығырлы тросты сүйрету. Көмекші шығырлы тросты өз кезегінде қайта қалпына келтіретін құбырды немесе оның телеинспекциясын тазалау сатысында бастапқы құдыққа сүйретіледі;

- ерітінді беруші шлангіні, жоғары қысымды шлангіні, 10 т тарту күші бар шығырлы тросты қабылдаушы құдыққа түсіру және оларды 5 т тарту күші бар шығырлы тросқа бекіту;

- 5 т тарту күші бар шығыр көмегімен бастапқы құдыққа ерітінді беруші шлангіні, жоғары қысымды шлангіні, 10 т тарту күші бар шығырлы троспен сүйрету;

- қаптау агрегатын қосу. Бастапқы құдықтан 5 т тарту күші бар шығырлы тростан ерітінді жеткізуші шлангіні, жоғары қысым шлангісін және 10 т тарту күші бар шығырлы тросты ажырату. Бастапқы құдыққа қаптау агрегатын және 5 т тарту күші бар шығырдың көмегімен тегістеуші конусты түсіру. Қаптау агрегатына шлангті қосу. Қаптау агрегатына тегістеуші конусты бекіту. Жабдықты құбырға орнату;

- цементті-құмды жабындыны жауып және конус көмегімен тегістеп, қабылдау құдығына қаптау агрегатын сүйрету. Қаптау агрегатына цементті-құмды ерітіндіні дайындау және беру (агрегаттың бүркуші ұшына). Ерітінді қоспасының компоненттері (құм, портландцемент, су) мәжбүрлі әрекет етіп қолмен қоспалауыштарға береді және бірнеше минут толық біртекті ерітінді қоспаға дейін араластырады. Қорғаушы қабаттың талап етілетін қалыңдығы цементті ерітіндіні беретін сорғының тұрақты мәндегі өнімділігі кезінде құбырға агрегатты жылжытудың белгіленген жылдамдығымен және ортадан тепкіш ұштың айналу жылдамдығымен жасалады. Бір өтпел ішіне 3-тен 12 мм дейін қабатты жағуға болады. Бір уақытта жабу тегістеледі және қаптау агрегат штангісінде бекітілген арнайы металды конуспен сыланады;

- қаптау агрегатын және тегістеуші конусты қабылдаушы құдықтағы құбырдан алу. Ерітінді беруші шлангіні және жоғары қысымды шлангіні қаптау агрегатынан ажырату. Қаптау агрегатын және тегістеуші конусты 10 т тарту күші бар шығырдың көмегімен бетке көтеру. Шлангілерді бетке көтеру;

- құбырды екі шетінен жабындының қатуына қолайлы жағдай жасау мақсатында учаскені тұмшалау (полиэтиленді қабыршықпен ашылған екі орынды тығыздап бітеу). ЦҚҚ беріктік жиынтығының 70% дейін $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+30^{\circ}\text{C}$ дейін температура кезінде және 90-100% ылғалдық кезінде жасалуы тиіс.

Цементті-құмды жабындыны қапталған агрегатпен бір уақытта тегістей отырып, құбырдың ішкі бетіне жабу үдерісі 3-суретте келтірілген.

Құбыр ішінде ылғалды атмосфераны ұстау үшін жабынды жбылғаннан кейін 18 сағат өткен бойда құбырды сумен толтыруға (артық қысымсыз) немесе құбырды пайдалануға енгізу не төзімділіктің 100% жабынды жабу сәтіне дейін жабындыны мерзімдік ылғалдатуды қамтамасыз етуге тырысу қажет.



3-сурет – Цементті-құмды жабындыны қапталған агрегатпен бір уақытта тегістей отырып, құбырдың ішкі бетіне жабу үдерісі

Құбырды сынау жабынды жабылғаннан кейін 48 сағаттан ерте емес рұқсат беріледі.

Қайта қалпына келтірілген құбыр учаскелерін пайдалануға беру 3-4 тәулік ұсталғаннан кейін $+15^{\circ}\text{C}$ –тан $+20^{\circ}\text{C}$ дейін температура кезінде 30,0 МПа (300 кг/см^2) кем емес қымысда төзімділікпен жабу алғаннан кейін рұқсат беріледі. Егер $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+20^{\circ}\text{C}$ дейін температура кезіндег жабынды ұстау мерзімі өтіп кетсе, онда ұстау мерзімі 45,0 МПа (450 кг/см^2) төзімді жабындыны жапқанға дейін ұлғайтылуы тиіс.

5.2.2.3 Технологиялық жабдық және құрылғыларды бөлшектеу

Қаптау үдерісі аяқталған бойда технологиялық жабдықты бөлшектеу орындалады. Ертінді беруші шлангіні шаяды және ЕҚТ құрылғысынан ажыратады. Жоғары қысымды шлангіні, қаптау агрегатының 10 тарту күші бар шығырлы тросты компрессордан ажыратады. Бағыттаушы роликтер мен блоктарды бөлшектейді. Қоспалаушы жабдықты және тегістеуші конусы бар қаптау агрегатын шаяды. Мехнизмдерді, жабдықтарды бөлшектейді және 6,3 т г/п кран-манипулятордың көмегімен автокөлікке тиеді.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстар орындалғаннан кейін алаңды (жұмыс орнын) қоқыстан, машиналардан тазалау қажет, механизмдер мен материалдарды (арнайы бөлінген алаңдарға қайта базалауға жатпайтындар) күзету үшін жауапты тұлғаға беру қажет.

5.3 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-күмді ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құралдар, құрал-сайман, құрылғылар), машиналар, механизмдер және жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	5 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН1), 4 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН2), 3 разрядты сыртқы құбыр монтаждаушы (МН3, МН4), 4 разрядты ЕҚТ машинисті (МР), 5 разрядты 10 т т.к. шығыр машинисті (МЛ1), 5 разрядты 5 т т.к. шығыр машинисті (МЛ2), 3 разрядты 0,5 т.к. шығыр машинисті (МЛ3), 5 разрядты компрессор машинисті (МКП), 5 разрядты электр стнция машинисті (МЭ)	Жұмыс жүргізер алдында жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмысты жүргізу және оларды қауіпсіз орындау тәртібі туралы тапсырма, нұсқау алады, жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен, ЦҚҚ жабу әдісімен және осы технологиялық картамен қол қойып танысады, қажетті құралдарды, құрылғыларды және материалдарды, сондай-ақ жеке қорғау құралдарын алады, олардың дұрыстығын тексереді, АҚҚ алады.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Негізгі жұмыстар			
Технологиялық жабдықты және құрылғыларды монтаждау			
Технологиялық жабдықты және құрылғыларды монтаждау	6,3 т г/п кран-манипулятор, слесарь құралының жиынтығы, рулетка, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, газо-анализатор	МН1, МН2, МН3, МН4, 4 разрядты жүк көтергіштігі 6,3 т г/п кран-манипулятор машинисті (МК)	<p>МК МН3 және МН4 бірігіп, қабылдаушы құдықтың жанында кран-манипулятордың көмегімен ерітінді дайындау үшін көмекші шығырларды, шлангілерді және материалдарды түсіруді жүзеге асырылады. МК және МН3, МН4 бастапқы құдық жанында тиісті диаметрлі қаптау агрегатын және тегістеуші конусты түсіреді МН1 және МН2 бастапқы құдық жанында 5 т тарту күші бар шығырды орнатады.</p> <p>МН1, МН2, МН3 және МН4 қабылдаушы құдық жанында жылжымалы электр станцияны (дизельді генератор), компрессорды, ЕҚТ-ны, 10 т тарту күші бар шығырды, 0,5 т тарту күші бар көмекші шығырды орнатады.</p> <p>МН1 және МН2 ЕҚТ-ны кабельдің көмегімен электр станцияға қосуды орындайды, ерітінді беретін шлангты, жоғары қысымды шлангты компрессорға қосады.</p> <p>МН1 және МН2 көмекші блоктар мен роликтерді монтаждау жүзеге асырылып жатқан бастапқы және қабылдаушы құдыққа түседі. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады.</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Цементті-құмды жабындыны жабу			
0,5 т тарту күші бар көмекші шығырдың көмегімен қабылдаушы құдыққа 5 т тарту күші бар шығырлы тросты сүйрету.	5 т тарту күші бар шығыр, 0,5 т тарту күші бар шығыр, слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН2, МН3, МН4, МЛ2, МЛ3	МЛ2 және МЛ3 шығыр қозғалтқыштарын қосады. МН2 құдыққа түседі және 0,5 т тарту күші бар шығырлы тростқа 5 т тарту күші бар шығырлы тросты бекітеді, шығыр қозғалтқышын қосады. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады. МН2 бетіне шығады. МЛ2 және МЛ3 шығырлар жұмысының режимін бақылайды, 0,5 т тарту күші бар көмекші шығырдың көмегімен қабылдаушы құдыққа 5 т тарту күші бар шығырлы тростпен сүйреуді жүзеге асырады.
Ерітінді беруші шлангіні, жоғары қысымды шлангіні, 10 т тарту күші бар шығырлы тросты қабылдаушы құдыққа түсіру және оларды 5 т тарту күші бар шығырлы тростқа бекіту	5 т тарту күші бар шығыр, 10 т тарту күші бар шығыр, слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН2, МН3, МН4, МЛ1, МЛ2	МН2 5 т тарту күші бар шығырлы тростан 0,5 т тарту күші бар шығырлы трост ажыратылатын қабылдаушы құдыққа түседі. МН3 және МН4 0,5 т тарту күші бар шығырлы тросты, ерітінді беруші шлангіні, компрессор шлангісін қабылдаушы құдыққа береді. МН2 ерітінді беруші шлангіні, жоғары қысымды шлангіні, 10 т тарту күші бар шығырлы тростын қабылдаушы құдыққа түсіреді және оларды 5 т тарту күші бар шығырлы тростқа бекітеді. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады. МН2 бетіне шығады.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
5 т тарту күші бар шығырдың көмегімен бастапқы құдыққа ерітінді беруші шлангіні, жоғары қысымды шлангіні, 10 т тарту күші бар шығырлы троспен сүйрету	5 т тарту күші бар шығыр, 10 т тарту күші бар шығыр, слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН3, МН4, МЛ1, МЛ2	МЛ1 және МЛ2 шығыр қозғалтқыштарын қосады. МЛ1 және МЛ2 шығырлар жұмысының режимін бақылайды, 5 т тарту күші бар көмекші шығыр көмегімен бастапқы құдыққа ерітінді беруші шлангіні, компрессордың жоғары қысымды шлангісін және 10 т тарту күші бар шығырлы троссты сүйреуді жүзеге асырады. МН3, МН4 шлангілерді береді.
Қаптау агрегатын қосу	Слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН1, МН2, МН3, МН4, МЛ2	МН1 және МН2 бастапқы құдыққа түседі және бастапқы құдықтан 5 т тарту күші бар шығырлы тросан ерітінді жеткізуші шлангіні, жоғары қысым шлангісін және 10 т тарту күші бар шығырлы троссты ажыратады. МЛ2 5 т тарту күші бар шығырлы троссты бетке көтереді. МН3 және МН4 каптау агрегатын және тегістеуші конусты шығырлы тросқа бекітеді. МЛ2 МН3-пен және МН4-пен бірігіп, 5 т тарту күші бар шығырдың көмегімен бастапқы құдыққа каптау агрегатын және тегістеуші конусты түсіреді. МН1 және МН2 жабдықты қабылдайды және оны 10 т тарту күші бар шығырлы тросқа бекітеді. Ерітінді қоспалауыштың және компрессордың шлангісі каптау агрегатына қосылады. МН1 және МН2 каптау агрегатына тегістеуші конусты бекітеді және құбырға жабдықты орнатады. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Цементті-құмды жабындыны жауып және конус көмегімен тегістеп, қабылдау құдығына қаптау агрегаттын сүйрету	10 т тарту күші бар шығыр, компрессор, ЕҚТ, жылжымалы электр станция, тегістеуші конусы бар қаптау агрегаты, слесарь құралының жиынтығы, сөйлесу құрылғылары	МН1, МН2, МН3, МН4, МЛ1, МР, МЭ, МКП	МЭ жылжымалы электр станцияның қозғалтқышын іске қосады. МН3 және МН4, МР-мен бірігіп цементті-құмды ерітіндіні дайындаумен айналысады. МЛ1 шығыр қозғалтқышын қосады, жұмыстың қажетті режимін белгілейді. МКП компрессор қозғалтқышын қосады, оның жұмысын тексереді. МН1 бригаданың барлық жұмысшыларының жұмысын үйлестіреді. МЛ1 цементті-құмды жабындыны жауып және конус көмегімен тегістеп, қабылдау құдығына қаптау агрегаттын сүйрету үдерісін бастайды. МН3 және МН4, МР-мен бірігіп цементті-құмды ерітіндіні дайындаумен айналысады. МЭ жылжымалы электр станцияға қызмет көрсетеді. МКП компрессорға қызмет көрсетеді. МН1 шлангілердің орын ауысуын бақылайды және МН2-мен бірігіп оларды құдықтың бетіне тізеді. МН1 бригаданың барлық мүшелерінің жұмысын үйлестіреді
Қаптау агрегатын және тегістеуші конусты қабылдаушы құдықтағы құбырдан алу	10 т тарту күші бар шығыр, слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН1, МН2, МН3, МН4, МЛ1	МН1 және МН2 құдыққа түседі және қаптау агрегатын және тегістеуші конусты қабылдаушы құдықтағы құбырдан алады, ерітінді беруші шлангіні және жоғары қысымды шлангіні қаптау агрегатынан ажыратады. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады. МН1 және МН2 бетіне көтеріледі. МН3 және МН4 қаптау агрегаты мен тегістеуші конусты 10 т тарту күші бар шығырдың көмегімен бетке көтереді (МЛ1 шығырға қызмет көрсетеді). МН1 және МН2 шлангілерді бетке көтереді.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Құбыр учаскесін тұмшалау	Слесарь құралының жиынтығы, газанализатор, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, сөйлесу құрылғылары	МН1, МН2, МН3, МН4	МН1 және МН2 кезек-кезекпен бастапқы және қабылдаушы құдыққа түседі. МН1 және МН2 құбырды екі шетінен жабындының қатуына қолайлы жағдай жасау мақсатында учаскені тұмшалауды жүзеге асырады, МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады.
Технологиялық жабдық және құрылғыларды бөлшектеу			
Технологиялық жабдық және құрылғыларды бөлшектеу	6,3 т г/п кран-манипулятор, слесарь құралының жиынтығы, рулетка, жинақ баулары бар қорғаушы белдіктер, сақтандыру арқаны, газоанализатор	МН1, МН2, МН3, МН4, МК, МР, МЭ	МН2 және МН3 ерітінді беруші шлангіні шаяды және ЕҚТ құрылғысынан ажыратады. МР ЕҚТ-ге қызмет көрсетеді. МЭ жылжымалы электр станцияға қызмет көрсетеді. МН1 және МН2 жоғары қысымды шлангіні, қаптау агрегатының 10 тарту күші бар шығырлы тросты компрессордан ажыратады. МН2 құдыққа кезекпен түседі және бағыттаушы роликтер мен блоктарды бөлшектейді. МН3 және МН4 құдықта жұмыс істейтіндерді сақтандырумен айналысады. МН1 және МР қоспалаушы жабдықты және тегістеуші конусы бар қаптау агрегатын шаяды. МН1, МН2, МН3 және МН4 мехнизмдерді, жабдықтарды бөлшектейді және 6,3 т г/п кран-манипулятордың көмегімен автокөлікке тиеді (МК кран-манипуляторға қызмет көрсетеді)
Қорытынды жұмыстар			
Жұмыстар орындалғаннан кейін алаңды (жұмыс орнын) қоқыстан, машиналардан тазалау қажет, механизмдер мен материалдарды (арнайы бөлінген алаңдарға қайта базалауға жатпайтындар) күзету үшін жауапты тұлғаға беру қажет.			

6 Материалдық-техникалық ресурстарға мұқтаждық

6.1 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомісі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомісі (қалыңдығы 10 мм – 800 мм диаметр үшін және 12 мм – 1000 мм диаметр үшін).

100 м құбыр

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы мен белгісі	Өлшем бірлігі	Саны	
				Құбыр диаметрі, мм	
				800	1000
1	Портландцемент М500	МСТ 10178	м ³ /т	1,34	2,04
2	Кварцты ұсақ бедерлі кварцты құм	МСТ 8736	м ³ /т	1,11	1,69
3	Ерітіндіні дайындауға арналған су	МСТ 23732	м ³	0,607	0,85
4	Қосындылар (суперпластификатор С-3, сульфат натриі)	-	кг	Жоба бойынша	
4	Полиэтиленді қабыршық (айналымы – 5 рет)	-	м ²	2,00	2,54

ЕСКЕРТПЕ Материалды ресурстарға қажеттілік ерітінді маркасына байланысты жобамен айқындалады.

6.3 Машиналар, механизмдер, жабдықтар, технологиялық жабдықтар, құралдар мен құрылғылар тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Машиналар, механизмдер, жабдықтар, технологиялық жабдықтар, құралдар мен құрылғылар тізбесі

бригадаға - 11 адам

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Бригадаға шаққандағы саны
1	Шығыр	Тегістеуші конусы бар қаптау агрегатын құбыр арқылы сүйрету	10 т тарту күші, дизельді жетек	1

3-кесте (жалғасы)

бригадаға - 11 адам

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Бригадаға шаққандағы саны
2	Шығыр	Шлангі, 10 т тарту күші бар шығырлы трос	5 т тарту күші, дизельді жетек	1
3	Шығыр	5 т тарту күші бар шығырлы тросты сүйрету	0,5 т тарту күші, дизельді жетек	1
4	Компрессор	Қаптау агрегатына қысылған ауаны беру	Қуаты 50 м ³ /мин. дейін	1
5	Жылжымалы электр станциялар (дизельді генератор)	Электр энергия жабдығын қамтамасыз ету	Қуаты – 60 кВт	1
6	Жылжымалы ерітінді қоспалаушы торап (ЕҚТ)	Ерітінді қоспасын дайындау және беру	Қоспа мөлшері 325 св. 750 л дейін	1
7	Қаптау агрегатының жиынтығы (қаптау ұшы және тегістеуші конус)	Құбырдың ішкі бетіне цементті-құмды жабындыны жабу	-	1
8	Автомобильді кран-манипулятор	Жабдықты автокөліктен түсіру	Г/п 6,3 т	1
9	Металды өлшеуіш рулетка	Сызықты өлшеу	ұзындығы 5000 мм, ц.д. 1 мм	1
10	Ерітінді күрегі	Қоспа компоненттерін жүктеу	-	2
11	Құрылыс каскасы	Жеке қорғау құралы	-	11
12	Қорғаушы белдік	Жеке қорғау құралы	-	4
13	Сақтандырушы арқан	Құдыққа түсу кезіндегі қорғау құралы	-	ЖЖЖ бойынша
14	Арнайы жендер	Жеке қорғау құралы	-	11
15	Судан қорғауға арналған костюм	Жеке қорғау құралы	-	4

3-кесте (жалғасы)

бригадаға - 11 адам

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Бригадаға шаққандағы саны
16	Қорғау көзілдіріктері	Жеке қорғау құралы	-	2
17	Респиратор	Жеке қорғау құралы	-	3
18	Арнайы аяқкиім	Жеке қорғау құралы	-	11
19	Комбинезон	Жеке қорғау құралы	-	11
17	Газоанализатор	Газ құрамының деңгейін өлшеу	-	2
18	Шлангілі газға қарсы тұмылдырық	Жеке қорғау құралы	Шлангінің ұзындығы 12 м дейін	4
20	Уақытша қоршау	Жаппай қорғау құралы	-	ЖЖЖ бойынша
21	Қауіпсіздік белгілері	Қауіпті аймақтарды белгілеу	-	ЖЖЖ бойынша
22	Қобдиша	Жарақат алу кезіндегі алғашқы көмек	-	1
23	Сөйлесу құрылғылары	Жұмыс персоналымен сөйлесу	ЖЖЖ бойынша	4
24	Аккумулятор фонарі	Құдықта жұмыс орнын жарықтандыру	Кернеу – 12 В	2

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды орындау кезінде жұмыс сапасына қойылатын талаптар технологиялық үдерістерді бақылау картасында (4-кестеде) келтірілген.

4-кесте – Технологиялық үдерістерді бақылау картасы

Бақылау объектілері (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметрлер			Бақылау орны (сынаманы іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылау немесе операцияларды жүргізу орындаушысы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшем, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ажырау					НТҚ типі, маркасы, белгісі	Өлшем диапазоны, қателігі, нақтылық класы	
Кіріс бақылауы										
Қайта қалпына келтірілетін құбыр	Құбырдың жағдайы	Жарықтардың, жарықшақтардың және ластың және т.с. болмауы	-	Жұмыс жүргізу учаскесі	Тегіс	Шебер (прораб)	Көзбен көру	Құбырды телеинспекциялау нәтижелері (бейне жазба)	-	Кіріс бақылау журналы
Портландцемент (МСТ 10178)	Марка	M500	Рұқсат берілмейді	Қоймалау алаңы	Сондай	Сондай	Сондай	Сапа туралы құжат, жеткізуші төлқұжаты Сондай	-	Сондай
Кварцты ұсақ бедерлі кварцты құм (МСТ 8736)	Фракция, мм	1,0 астам емес	Осы ТБ 4.2-т.	Сондай	-«-	-«-	-«-	Сондай	-	-«-
Ерітінді дайындау	Рецептура, конустың тұнуы	Осы ТБ 4.2-т.	рұқсат етілмейді	Жұмысты жүргізу учаскесі	әрбір қоспалау	Шебер (прораб)	Өлшегіш	Конус	-	Жұмыстың жалпы журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектілері (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметрлер			Бақылау орны (сынаманы іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылау немесе операцияларды жүргізу орындаушысы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшем, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ажырау					НТҚ типі, маркасы, белгісі	Өлшем диапазоны, қателігі, нақтылық класы	
Операциялық бақылау										
Қайта қалпына келтірілетін құбыр	Қаптау агрегатының орын ауыстыру жылдамдығы	Жабдықты жасаушылар кестесі бойынша		Жұмысты жүргізу учаскесі	Тегіс	Шебер (прораб)	Көзбен көру	Шығыр аспабы бойынша	-	Жалпы жұмыс журналы
	Жабынды қабатының қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	+3,0	Сондай	Сондай	Сондай		Өлшемді (МСТ 26433.2)	ц.д. 1 мм	
	ЦҚҚ беру жылдамдығы (ЕТҚ өнімділігі)	Жабдықты жасаушылар кестесі бойынша		-«-	Тегіс	-«-	Көзбен көру	ЕТҚ аспаптары бойынша	-	-«-
Қабылдауды бақылау										
Қайта қалпына келтірілетін құбыр	Ішкі қорғауды окшаулау (цементті-құмды жабынды)	Жабынды тегіс, беті тегістелген болуы тиіс	1 мм дейін тереңдігі бойынша ауытқыған атыздарға рұқсат беріледі	Барлық қаптау құбыры	Тегіс	Қабылдау комиссиясы	Көзбен көру Телеинспекция	Лазерлік бейімдеу және трассалау функциясы бар роботталған телеинспекциялық кешен	-	Жұмысты қабылдау актісі, ашылған жұмыстар актісі, бейне есеп

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектілері (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметрлер			Бақылау орны (сынаманы іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылау немесе операцияларды жүргізу орындаушысы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшем, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ажырау					НТҚ типі, маркасы, белгісі	Өлшем диапазоны, қателігі, нақтылық класы	
Қабылдаушы тұмшалағыш	Жабынды қабатының қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	+3	Сондай	Таңдаулы	Сондай	Өлшем (МСТ 26433.2)	Металды өлшемді рулетка	Қалыңдық өлшегіш өшемінің бұзылуы – 10% астам емес	сондай
	Ерітіндінің қысымға төзімділігі	30 және 45 кем емес	-	-«-	сондай	-«-	Сондай	Сығуға куб үлгілерін сынауға зертханалық жабдықтар: қақпағы мен қондырмасы бар нысандар, зертханалық діріл алаңы, қалыпты қатыру камерасы		
		ҚНЖЕ 3.05.04 бойынша			Құрылыс алаңы	-«-	-«-	Өлшем (ҚНЖЕ 3.05.04)	Манометр (МСТ 2405), суық су есептеуіш (МСТ 6019)	-

8 Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау

8.1 Болатты құбырлардың ішкі бетін цементті-құмды ерітіндімен қаптау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде ҚНЖЕ РК 1.03-05, ҚНЖЕ РК 1.03-06, МСТ 12.1.004, МСТ 12.1.013 талаптарын, Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, қолданылатын жабдық пен механизмдерді пайдалану және паспорт бойынша нұсқаулық, сондай-ақ осы технологиялық картаны сақтау қажет.

8.2 ЦҚҚ әдісімен құбырларды қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстарға 18 жастан жас емес, медициналық қараудан өткен, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша емтихан беру туралы куәлігі бар тұлғалар; жұмыстың осы түрін орындауға наряд-рұқсаттамасы бар (рұқсат беру актісі) бригадаға рұқсат беріледі.

Нақты жұмыс орнына сәйкес келетін тұлғалар, сондай-ақ тағлымдамадан өткен тұлғалар, олар оқыту (тағлымдама) үшін бекітілген тұлғалардың тапсырмасы бойынша және қадағалауға жататын жұмыстарды ғана орындауы мүмкін. Еркін жұмысқа рұқсат тек тұлға оның кәсіби білімі мен білікті емтихан алу комиссиясының еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін оң бағасын алғаннан кейін беріледі. Тексеру нәтижелері белгіленген нысан хаттамасымен ресімделеді.

Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға 18 жастан жас емес, кәсіби бойынша арнайы оқытылған, емтихан тапсырған, белгіленген үлгідегі куәлігі бар және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан жұмыс орнында қол қоя отырып өткен тұлғаға рұқсат беріледі.

Жұмысшы оқытылмаған машиналармен, механизмдермен, құралдармен, құрылғылармен және құрал-саймандармен айналысуға рұқсат берілмейді.

8.3 Құдыққа жұмысшыларды түсірумен байланысты жұмыстар, камералар, коллекторлар және т.с.с. қауіптілер разрядына жатады және оларды орындауға белгіленген нысан бойынша ресімделген қауіптер мен қорғау шараларын көрсете отырып, наряд-рұқсаттамасы берілуі тиіс.

Құдыққа түсірумен байланысты жұмыстарға жұмысты жаупаты жүргізушінің басшылығымен кемінде үш адам санындағы бригадаға рұқсат беріледі, бұл ретте екі жұмысшы құдықтан тыс (қазаншұңқырларда) тұрып, МСТ 12.4.089. бойынша олардың қорғаушы белдіктеріне бекітілген арқандардың көмегімен тікелей жұмыс орындаушыларды сақтандыруы тиіс.

8.4 Жұмыс жүргізіле басталғанға дейін әкімшілік мыналарға:

- жұмысқа жауапты жүргізушіні атайындауға;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсаттама беруге;
- жұмыс орындарын дайындауға;
- жұмыстың орындалуын қадағалауды қамтамасыз етуге, оның ішінде құрылыс алаңына (жұмыс орындарында) бөгде тұлғалардың болуына рұқсат бермеуге;
- құрылыс машиналарына (механизмдерге) және жабдықтарға қызмет көрсететін персоналды аттестаттау жүргізуге;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс нұсқаулығын қамтамасыз етуге және қолданыстағы НТҚ талаптарына сәйкес қол қойып таныстыруға;
- жұмысшылар мен мамандарды арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге;
- жұмысшылар мен мамандарды санитарлы-тұрмыстық үй-жайлармен (киім ілгіштермен, киім және аяқ киім үшін кептіргіштермен, тамақ қабылдау және демалу үйжайларымен, жылытумен, ауыз сумен, дәретханалармен және т.с.с.) қамтамасыз етуге;

- тұрмыстық және қойма үйжайларын, сондай-ақ жұмыс жүргізу орындарын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен және алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

8.5 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғалар мыналарға:

- алкогольге мас күйінде немесе есірткіде, психотроптық немесе улы заттарды тұтынумен туындаған күйде адамдарға жұмысқа рұқсат бермеуге немесе шеттеуге, сондай-ақ жұмыс орнында немесе жұмыс уақытында спиртті сусындарды ішуге, есірткіде, психотроптық немесе улы заттарды тұтынуға рұқсат бермеуге;

- жұмыс басталар алдында құрылымдық бөлімшенің әр жұмысшысында жеке қорғау құралдарының (ЖҚҚ) болуын және дұрыстылығын тексеруге;

- жұмыс орындау барысында жұмысшылардың НТҚ талаптарын қатан сақтай отырып, ЖҚҚ пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға.

8.6 Жұмыс жүргізілетін учаскелер МСТ 23407 талаптарына сәйкес қоршалуы және өту жолдарымен жабдықталуы тиіс: бұл учаскелерге басқа жұмыстарды орындауға және басқа тұлғалардың болуына жол берілмейді.

